

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қазандағы N 1078 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 1931439 (бір миллион тоғыз жүз отыз бір мың төрт жүз отыз тоғыз) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 26 қазандағы  
N 1078 қаулысына

ҚОСЫМША

### Орындауға жататын сот шешімдерінің тізбесі

P / c N	Сот органының атауы мен шешімнің шығарылған күні	Талапкердің Т.А.Ә.	Мемлекеттік бажы шегерілген сома (теңге)	Мемлекеттік баж (теңге)
1	2	3	4	5
1	Тараз қалалық сотының 2002.28.11. шешімі, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003.22.01. қаулысы, Тараз қалалық сотының 2005.28.02. ұйғарымы.	М.Д. Раев	400000	
2	Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2003.18.12. шешімі, Астана қаласы сотының қадағалау алқасының 2004.08.07. қаулысы, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2005.16.02. ұйғарымы.	Т.Қ. Жұмакаев	300000	
3	Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық сотының 2004.03.06. шешімі, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2005.16.02. ұйғарымы.	Д.В. Шилов	100000	460
	Шымкент қалалық сотының 2004.25.06. шешімі, Шымкент қалалық сотының 2004.02.07 шешімі (			

4	қ о с ы м ш а ) , Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2004.28.07. қаулысы, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қадағалау алқасының 2004.02.12. қаулысы, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2005.16.02. ұйғарымы.	Т.В. Магаров	265000	
5	Шымкент қалалық N 2 сотының 2004.18.06. ш е ш і м і , Шымкент қалалық N 2 сотының 2005.21.01. ұйғарымы.	С.Ә. Мұстаев	106200	
6	Ақтөбе қалалық сотының 2002.15.11. шешімі, Ақтөбе қалалық сотының 2005.09.02. ұйғарымы.	Б.Қ. Тайбөкенов	460215	
7	Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданы N 2 сотының 2004.04.06. ш е ш і м і , Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданы N 2 сотының 2005.11.02 ұйғарымы, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2005.07.02. ұйғарымы, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2005.16.03. ұйғарымы.	М.М. Құстаев	50000	
8	Тараз қалалық сотының 2001.10.07. шешімі, Жамбыл облыстық сотының қадағалау алқасының 2001.04.12. қаулысы, Тараз қалалық сотының 2005.22.02. ұйғарымы.	А.Г. Чауш-оғлы	169564	
9	Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық сотының 2004.04.06. шешімі, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2005.16.02. ұйғарымы.	Н.С. Канцев	80000	
Жиыны:		1930979	460	
Жалпы сомасы:		1931439		